

6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Жияшева Жанар Шораевнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін окушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми көңесшінің

## ПІКІРІ

### 1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін окушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауга кәсіби білім берудің сапалы жана бағытын танытады. Қазіргі барлық жоғары білім беру орындарында болашақ маманды дайындаудың жаңа парадигмалары қалыптасып, білім беру процесінің жаңа әлеуметтік талаптарға бейімделуін, икемді болуын және әрдайым үздіксіз қозғалыста болатын модельді ұстану қажеттілігі күн тәртібіне айқын қойылып келеді.

Цифрлы Қазақстан басты бес бағытының адами капиталды дамыту басымдығында «Орта, техникалық және жоғары кәсіби білім берудегі цифрлық сауаттылықты арттыру...» делінген, цифрлік сауаттылық – бұл өмірдің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді, сынни және қауіпсіз қолдануға дайындығы және қабілеті. Ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, заманның ең маңызды білімі, оны қалыптастыру оқырмандық, математикалық және жаратылыстану сауаттылығымен тең дәрежеде назар аударылуы аса өзектілікке ие. Бұл орайда Жияшева Жанар Шораевнаның өзінің зерттеу объектісін жан-жакты зерттеп, өз ойын түсінікті етіп, ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлауды нақты сипаттаған, ақпараттық білім ортасын жобалауда қарама-қайшылықтардың болуы, нәтиженің болуы зерттеу мәселесінің өзектілігін айқындаған. Осы айтылғандарға сәйкес ұсынылып отырган диссертациялық зерттеу мәселесі жаңа, көкейкесті.

### 2. Нәтижелердің дұрыстығы мен негізделу деңгейі.

Докторант Ж.Ш. Жияшева диссертациялық жұмысты орындау барысында төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін окушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындаған. Ақпараттық білім ортасын жобалаудағы ұғымдық-категориялық аппаратын түзуде «білімдік орта», «акпараттық білім ортасы» «жобалау» ұғымдарының мәні мен мазмұнын, күрылымын талдайды, «болашақ бастауыш сынып мұғалімінің окушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауы – білім алушылардың өз әрекетін ұйымдастырушылық-педагогикалық түргыдан басқарып, сапалы білім алына ықпалын тигізетін, өзара байланысқан күрылымды білдіретін ақпараттық білім беру кеңістігі» деп анықтама береді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін окушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлаудың әдіснамалық маңызын әдіснамалық

тұғыр(жүйелілік тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, ақпараттық тұғырлар) мен әдіснамалық қагидаларды(білім берудің үздіксіздігі қагидасы, гуманистік қагидасы, интеграция қагидасы, ашықтық қагидасы, ақпараттық мәдениет қагидасы, білім берудің іргелілігі мен тұтастыры қагидасы) басшылықта алады.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауга даярлаудың әдістемелік жүйесін жасаған. Докторант әдістемелік жүйені жасауда ақпараттық және білімдік ресурстармен жасалатын жұмыстың мазмұны мен нақты үлгісінің ішкі құрылымын және ондағы элементтердің өзара байланысын сипаттайтын.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауга даярлаудың компоненттеріне (мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық-іс-әрекеттік және бағалаушылық-рефлексиялық) сай түзілген өлшемдер мен көрсеткіштерден тұратын, жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделін дайындаған.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауга даярлаудың әдістемесі: «Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» тақырыбындағы элективті курс бағдарламасы; «Бастауыш мектепте ақпараттық білім ортасын жобалау» атты әдістемелік қурал дайындалды, педагогикалық эксперименттен откізіп, оның тиімділігін дәлелдеп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берген.

### **3. Нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы**

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауга даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауга даярлаудың әдістемелік жүйесі жасалған. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауга даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалған.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауга даярлаудың әдістемесі «Ақпараттық білім ортасын жобалау негіздері» атты арнайы курс бағдарламасы әзірленген. Педагогикалық істәжірибе жүзеге асырылып, оның нәтижелеріне сандық және сапалық талдау жүргізілген.

Диссертациялық зерттеу барысында алғынған нәтижелер мен жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеудің материалдарын жалпы білім беретін мектептердің, гимназия мен лицейлердің жоғары сатысында, колледждердің тәжірибесінде, жоғары педагогикалық оку орындарында, педагог мамандардың біліктілігін арттыру жүйесінде пайдалануға болады.

### **4. Диссертацияның мазмұны мен рәсімдеу бойынша кемшіліктер**

Диссертациялық мазмұны толық. Зерттеу жұмысы талаптарға сай жазылған. Бұл докторанттың диссертациялық жұмысты жазу барысында аса жауапкершілікпен қаралғандығын дәлелдейді.

## **5. Диссертацияның ғылыми білікті жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестілігі**

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауга даярлау диссертациялық жұмысы зерттеудің ғылыми-педагогикалық негіздерімен, зерттеу пәніне сәйкес қарастырылған педагогикалық технологиялардың сараланып қолданылуымен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының жоспарымен, зерттеу максатының міндеттерге сәйкестілігімен алынған бастапқы және соңғы нәтижелердің математикалық-статистикалық әдістерді колданумен, анықталған мазмұндық фактілер мен оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу іс-әрекеттерін тексерумен арнайы курсты жоғары оку орнының тәжірибесіне енгізумен қамтамасыз етілген.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халыкаралық конференцияларда және ғылыми басылымдарда талқыланды. Зерттеу барысында 7 енбек жарық көрді. Соның ішінде 1-еуі Scopus деректер корына енетін жарияланымда, 3 мақала КР БжФМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 3 мақала КР үйімдастырылған халыкаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарық көрген.

## **6. Диссертацияны қорғауга жіберу (немесе жібермеу) туралы ұсыныс**

Жияшева Жанар Шораевнаның 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауга даярлау» атты диссертациялық жұмысы дербес орындалған, аяқталған, диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес жазылған жұмыс деп санаймын. Жияшева Жанар Шораевнаның 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,

Педагогика ғылымдарының  
докторы, профессор



С.М.Кенесбасев